БЕКІТЕМІН
Қостанай облысы әкімдігі
денсаулық сақтау басқармасының
«Қарабалық аудандық
ауруханасы» КМК директоры
_____ А.Г. Исекова
2026 ж. «___» _____

"Қарабалық аудандық ауруханасы" КМК
сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты

Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленді.

1. **Қоғамдық қатынастар саласының атауы**: денсаулық сақтау.
2. **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеушінің атауы**: Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Қарабалық аудандық ауруханасы" КМК Комплаенс-қызметі.
3. **Сыбайлас-жемқорлыққа қарсы стандарттарды құрастырудың мақсаттары болып табылады**:

1) Денсаулық сақтау саласында жұмыс жасаушы тұлғалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлықтарын қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық көріністерін уақытылы анықтау және олардың теріс салдарының алдын алу.

4. Сыбайлас-жемқорлыққа қарсы стандарттартардың қағидаттары болып табылады:

1) заңдылық;

2) ашықтық;

3) әдептілік;

4) жеке және заңды тұлғалардың құқытары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас-жемқорлық іс-қимылдардан қорғау;

5) мүдделер жанжалына жол бермеу

4. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар қозғайтын салаларда жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

4.1.1. Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал ету, мемлекеттік және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарау;

4.1.2. адал, әділ, кішіпейіл болу, жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтау, азаматтармен және әріптестерімен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік таныту;

4.1.3. олар қабылдаған шешімдердің заңдылығы мен әділдігін қамтамасыз ету;

4.1.4. жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдер қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету;

4.1.5. мемлекет мүдделеріне нұқсан келтіретін, мемлекеттік органдардың жұмыс істеуіне кедергі келтіретін немесе тиімділігін төмендететін іс-әрекеттерге қарсы тұру;

4.1.6. қызметтік міндеттерін тиімді атқару үшін өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыру, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтау;

4.1.7. өз іс-әрекеттерімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан сынға себеп бермеуге, сын үшін қудалауға жол бермеуге, кемшіліктерді жою және өз қызметін жақсарту үшін сындарлы сынды пайдалануға;

4.1.8. жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде кәсіпорынның және оның қызметкерлерінің және өзге де тұлғалардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын пайдаланбау;

4.1.9. шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпау;

4.1.10. мүліктің сақталуын қамтамасыз ету, автокөлік құралдарын қоса алғанда, сеніп тапсырылған мүлікті ұтымды, тиімді және тек қызметтік мақсатта пайдалану;

4.1.11. қызметтік тәртіпті мүлтіксіз сақтау, өзінің қызметтік міндеттерін адал, бейтарап және сапалы орындау, жұмыс уақытын ұтымды және тиімді пайдалану;

4.1.12. тұрақты негізде көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру жөнінде шаралар қабылдау, көрсетілетін қызметтерді тұтынушының сұраныстарына толық назар аудару;

4.1.13. заңда тәртіптік, әкімшілік не қылмыстық жауаптылық көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеу.

4.1.14. іскерлік этикет пен ресми мінез-құлық ережелерін сақтау.

4.1.15. кәсіпорын қызметкерлерінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде олардың сыртқы келбеті мемлекеттік ұйымдардың беделін нығайтуға ықпал етуі, ресми, ұстамдылық пен дәлдікпен ерекшеленетін жалпы қабылданған іскерлік стильге сәйкес келуі керек.

4.1.16. кәсіпорын қызметкерлері қызметтік жағдайын және онымен байланысты мүмкіндіктерді қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың мүддесі үшін, оның ішінде оларға деген көзқарасын насихаттау үшін пайдаланбауға тиіс;

4.1.17. кәсіпорын қызметкерлері, оның ішінде басшы лауазымдарды атқаратындар ұжымда өздерінің діни сенімдерін ашық көрсете алмайды, бағынысты қызметшілерді қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың қызметіне қатысуға мәжбүрлей алмайды;

4.1.18. қарапайымдылық таныту, тиісті қызметтерді алу кезінде өзінің лауазымдық жағдайын баса көрсетпеу және пайдаланбау;

4.1.19. өз тарапынан қоғамдық имандылыққа, тәртіп пен қауіпсіздікке қол сұғумен ұштасатын заңнама талаптарын бұзуға жол бермеуге және басқа азаматтарды құқыққа қарсы, қоғамға жат әрекеттер жасауға тартпауға.

4.1.20. басшылардың бұйрықтары мен өкімдерін, жоғары тұрған органдар мен лауазымды адамдардың лауазымдық өкілеттіктері шегінде шығарылған шешімдері мен нұсқауларын орындау;

4.1.21. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, лауазымдық өкілеттіктерін атқару кезінде алынған, азаматтардың жеке өміріне, ар-намысы мен қадір-қасиетіне әсер ететін мәліметтерді жария етпеуге және олардан мұндай ақпарат беруді талап етпеуге;

4.1.22. Егер кәсіпорын қызметкерінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпарат болса, ол мұндай құқық бұзушылықтың алдын алу және тоқтату жөнінде қажетті шаралар қабылдауға, оның ішінде жоғары тұрған басшыны, кәсіпорын басшылығын, уәкілетті мемлекеттік органдарды жазбаша нысанда дереу хабардар етуге тиіс. Кәсіпорын қызметкері сондай ақ аталған адамдар мен органдарды оны басқа адамдардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндіру жағдайлары туралы дереу жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті;

4.1.23. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органның ақпараттық ресурстарымен жұмыс процесінде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

4.1.24. кәсіпорын қызметкеріне сыбайлас жемқорлыққа негізсіз жария айып тағылған жағдайда, ол осындай айып табылған күннен бастап бір ай мерзімде оны теріске шығару жөнінде шаралар қолдануға тиіс.

4.2. өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде:

4.2.1. ҚР қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерін, кәсіпорынның ішкі ережелерін, Кәсіпорынның жарғысын, "сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" ҚР Заңының нормаларын, осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды басшылыққа алу;

4.2.2. сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар жасамау;

4.2.3. осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттармен реттелетін қоғамдық қатынастар салаларында қызметті жүзеге асыратын жекелеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың мүдделері үшін шешімдер қабылдауға жол бермеу.

4.3. Кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарды жүргізу кезінде:

4.3.1. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттарға негізделеді:

- Мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;
- әлеуетті жеткізушілер арасындағы адал бәсекелестік;
- Мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы;
- отандық тауар өндірушілерге, сондай-ақ жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық жеткізушілерге Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға қайшы келмейтін шамада қолдау көрсету;
- Мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі;
- сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу;
- инновациялық және жоғары технологиялық тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;
- сатып алынатын тауарлардағы зияткерлік меншік объектілеріне құқықтардың сақталуы.

4.3.2. Мемлекеттік сатып алуды жоспарлау кезінде оларды жүзеге асырудың қажеттілігі мен орындылығын негіздеу

4.3.3. тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді саны, сапасы және жеткізу мерзімдері бойынша қабылдауды Мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шарттардың талаптарына сәйкес қатаң түрде жүзеге асыру.

4.4. Бөгде ұйымдар мен тұлғаларға қызмет көрсету кезінде:

4.4.1. ұйымдарға және бөгде ұйымдар мен тұлғаларға қызмет көрсетуге тартылған кәсіпорын қызметкерлері қоғамдық қатынастардың тиісті салаларында белгіленген талаптарға сәйкес сапалы қызмет көрсетуге тиіс;

4.4.2. мемлекет реттейтін қызметтер көрсетуге шарттар жасасу кезінде артықшылық бермеуге;

4.4.3. қызметтерді алу үшін тең мүмкіндіктер беру

4.4.4. сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау үшін алғышарттардың пайда болу мүмкіндігін болдырмау;

4.5. Бағыныстылармен қарым-қатынастағы құрылымдық бөлімшелердің басшыларына:

4.5.1. өзінің мінез-құлқымен бейтараптықтың, әділеттіліктің, жанқиярлықтың, жеке адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне құрметпен қараудың үлгісі ретінде қызмет ету;

4.5.2. меритократия қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету, кадрлық мәселелерді шешу кезінде туыстық, жерлестік және жеке берілгендік белгілері бойынша артықшылық көрсетпеу;
4.5.3. олардың қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік таныту;
4.5.4. еңбекті, денсаулықты қорғауға, тиімді қызмет үшін қауіпсіз және қажетті жағдайлар жасауға, сондай-ақ қызметшілердің ар-намысы мен қадір-қасиетіне кемсітушілік пен қол сұғушылықтың кез келген нысандарын болдырмайтын қолайлы моральдық-психологиялық ахуал жасауға бағытталған шаралар қабылдау;
4.5.5. қызметтік емес сипаттағы мәселелерді шешу кезінде олардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын пайдаланбау;
4.5.6. құқыққа қайшы әрекеттерді, сондай-ақ жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес келмейтін әрекеттерді жасауға мәжбүрлемеу;
4.5.7. оларға қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілік, қадір-қасиетін қорлау, әдепсіздік және дұрыс емес мінез-құлық фактілеріне жол бермеу;
4.5.8. кәсіпорын басшылығы ақпарат алған күннен бастап бір ай мерзімде қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы өтініштері, оны осы бұзушылықтарды жасауға итермелеу жағдайлары, оның ішінде тексерулер ұйымдастыру және уәкілетті органдарға өтініштер жіберу арқылы шаралар қабылдауға міндетті;
4.5.9. кәсіпорын басшылығы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы хабарлаған, оны осы бұзушылықтарды жасауға итермелеген қызметкерді оның құқықтарына, бостандықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін қудалаудан қорғау жөнінде шаралар қолдануға міндетті;
4.5.10. кәсіпорын басшылары бағыныста қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік жауаптылықта болады.

4.6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды орындау:

4.6.1. осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды кәсіпорынның барлық қызметкерлері орындауға міндетті;
4.6.2. осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін тәртіптік немесе материалдық жауапкершілік кәсіпорын басшысының бұйрығымен белгіленеді;
4.6.3. осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың сақталуы (сақталмауы) туралы ақпарат кәсіпорын қызметкерлерін аттестаттау және олардың жұмыс тиімділігін бағалау кезінде пайдаланылады.